



**БҰЙРЫҚ**

2022 жылғы «15» 12  
Ақтөбе қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 594  
город Актөбе

**Банкроттық басқарушыны  
шеттету және  
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабының 7 тармағы 2 тармақшасына, 93-бабының 4 тармағына сәйкес және "Ақтөбе Электроникс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 010740003912) 2022 жылғы 09 желтоқсандағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ақтөбе Электроникс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы Жандильда Зейнуллаевич Наурзалиев банкроттық басқарушы өкілеттіктен шеттетілсін.

2. "Ақтөбе Электроникс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы болып Арман Карабаевич Сарманов тағайындалсын.

3. Жандильда Зейнуллаевич Наурзалиев жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күн ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды тапсырсын.

4. Арман Карабаевич Сармановқа Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Банкроттық басқарушы Арман Карабаевич Сармановқа Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2022 жылғы 28 қазандағы №481 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшының орынбасары Асылбек Толыбаевич Калменовқа жүктелсін.

Басшы



Жаканов А.Ж.